

**Мәртөк аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 28 наурыздағы № 39 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және білім беру мамандарына үстемақы белгіленуі туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 121 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 мамырда № 3900 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2016 жылғы 4 қарашадағы № 40 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 04.11.2016 № 40 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18 бабының 4 тармағына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 28 наурыздағы № 39 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және білім беру мамандарына үстемақы белгіленуі туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 3-8-51, 2008 жылғы 23 сәуірде "Мәртөк тынысы" газетінің № 18 жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын "Мәртөк ауданының ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға үстемақы белгіленуі туралы";

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын "1. Азаматтық қызметші болып табылатын және Мәртөк ауданының ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және

ветеринария саласындағы мамандарға, сондай-ақ аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін аталған мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған айлықақылар белгіленсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәртөк аудандық мәслихатының сессия төрағасы*

*М. Ермуханов*

*Мәртөк аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Смағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК